Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақырыбы:Ертегі құрастыр Мақсаты:ересектермен бірге ертегі басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Табиғи материалдардан жасалған бұйымдар **Сурет салу** Мақсаты:Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа. **Мүсіндеу** Мақсаты:Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру **Жапсыру** Мақсаты:Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес,	Тақырыбы: Ертегі құрастыр Мақсаты:ересектермен бірге ертегі басын, соңын ойдан құрастыруға бау-лу. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Бота **Сурет салу** Мақсаты:Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, көлемі бөлік-терінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. **Мүсіндеу** Мақсаты:Ермексаз, сазбалшық әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу **Жапсыру** Мақсаты:Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, үйрету **Құрастыру** Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету: «оригами» . бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.	Тақырыбы:Әңгімені құрастыр Мақсаты:ересектермен бірге әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға бау-лу. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:«Театр әлемі» **Сурет салу** Мақсаты:Заттардың пішіні: шаршы, үшбұрыш, көлемі бөлік-терінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. **Мүсіндеу** Мақсаты:Ермексаз, сазбалшық әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу **Жапсыру** Мақсаты: шаршының бұрыштарын қиюды үйрету **Құрастыру** Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету:	Тақырыбы:Ертегі құрастыр Мақсаты:Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру(**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Сүйікті ертегі **Сурет салу** Мақсаты: Заттардың пішіні: шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөлік-терінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. **Мүсіндеу** Мақсаты:Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету **Жапсыру** Мақсаты:Дайын пішіндерден жануарлар пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру **Құрастыру** Мақсаты:Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшек-теріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына	Тақырыбы:Ертегі құрастыр Мақсаты:Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Табиғат құбылыстары **Сурет салу** Мақсаты:Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөлік-терінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. **Мүсіндеу** Мақсаты:Бірнеше бөліктерде заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. **Жапсыру** Мақсаты:Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру **Құрастыру** Мақсаты:«Лего» конструкторлардан құрастыр Орналастыру тәсілдерін

	келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау Д/О: **"Аязды қыс". Тапсырмалар**: аязды ауа райында өзін дұрыс ұстауға үйрету. **Барысы:** 1. Дидактикалық жаттығу (ауызша) "Қандай қыс" 2. Қысқы киімдерді қарау әңгімелесу. **(Қауіпсіздік дағды)**	**Д/О: "Қысқы жолдар" Тапсырмалар:** - балалардың көшеде, қыста жолда жүру ережелері туралы білімдерін кеңейту. - балаларға қыста жолдар тайғақ, жүргізушілер жылдам жүре алмайтындығы туралы білім беру. көлік құралын тоқтатыңыз. - өзін-өзі ұстай білуге, зейінді болуға, жолда ойнамауға тәрбиелеу. **(Қауіпсіздік дағды)**	«оригами» . бойынша қарапайым пішіндер құрастыру. **Д/О: "Көктайғақ" Тапсырмалар**: - қыс мезгілінде - көктайғақта қауіпсіздік ережелерін бекіту; - суреттерден қауіпті жағдайды анықтауға, оны сипаттауға және ережелерді білуге үйрету, жарақат алмау және жарақат амау үшін оны сақтау керек. **(Қауіпсіздік дағды)**	қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау **Д/О: "Мұздан сақ болыңыз /шатырдан қар /" Тапсырмалар:** мұздақтардың адамдар үшін қауіпті болуы мүмкін екендігі туралы білім беру (егер шатырдан құлау - жарақат, егер сіз жаласаңыз немесе тамақтансаңыз - тамақ ауруы); өзіңізді қорғауға үйрету қыстың аяғында - көктемнің басында мұздақтар, қауіпсіздік ережелерін сақтай білу, істей білу қауіпті болжау. **(Қауіпсіздік дағды)**	қолдана отырып, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылы бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. **Қимылды ойын: «Қар атыспақ» Мақсаты:** Қимыл - қозғалыс белсенділігін дамыту. Жылдамдық, ептілік, төзімділікті шыңдау, көңіл – күй, қуаныш әсерін сыйлау. Мақтадан жасалған қар түйіршіктері. **Ойын шарты:** Балалар бір-біріне маұтадан жасалған қар атысып ойнайды. **(Қауіпсізді дағды)**
Балалармен жеке жұмыс	**МЫСЫР АЯЛА Қызықты логикалық есептер шығару.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау жаттығуларына машықтандыру. **(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	**БОЛАТ БЕЙБАРЫС "Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттері: заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. **(танымдық іс-әрекеті)**	***<u>АБАЙҚЫЗЫ ТӨРАЙЫМ</u>*** **"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттері: таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; балалардың кейіпкердейдің сөздерін жатқа білуге деген құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	**АЛИЯР АЛАН Сөздерге дыбыстық талдау жаттығуы.** Мақсат-міндеттері: балалардың фонематикалық есту, ойлау, зейін, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: түрлі объектілердің көрнекі суреттері, дыбыстық талдауға фишкалар. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**	***<u>НУХАТАЙ ӘЛИЖАН</u>*** **Ертегілерді ойдан шығару жаттығуы.** Мақсат-міндеттері: балаларды ұнаған суреттердің негінде жаңа ертегі, оқиғаны ойдан шығарып, әңгімелеуге машықтандыру; шығармашылық ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)**
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Бақылау. Ауа райын бақылау. Мақсаты:ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін	Бақылау. Қараторғайды бақылау. Мақсаты: құстар туралы білімдерін толықтырып, қарғамен салыстыру, ұқсастығын	1.Бақылау. Күннің көзін бақылау. Мақсаты: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсіндіру , өсімдіктер мен жәндіктер, барлық тірі табиғат үшін	1. Бақылау:Күннің көзін бақылау. Мақсаты: Көктемгі күннің қызуы туралы білім бере отырып, оның қарлар мен мұздарды ерітіп	1. Бақылау. Күнді бақылау. Мақсаты: Күннің сәуле шашуын, жер бетін жылытуын бақылату. Күннің көзі мен көлеңкедегі жердің қызуын салыстыру.

	айырып атауға жұмыстану. 2. Қимылды ойындар: «Кеглиді көздеп құлат» ,«Ормандағы аю» 3. Жеке жұмыс. 4-5 баламен жіңішке жолмен тепе-теңдік сақтап, құламай жүгіру. 4. Еңбек. Ойын алаңының қоқыстарын жинау.Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару. 5. Көркем сөз. Жұмбақ. Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (су)	көрсету.Қамқорлыққа тәрбиелеуді жалғастыру. 2. Қимылды ойындар: «Арқан тартыс», «Қуыспақ» «Құстар мен машиналар» 3. Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға «Аталған құсты көрсет» дидактикалық ойынды үйрету. 4. Еңбек. Құстарға жем шашу. 5. Көркем сөз. Жұмбақ. Балалармен достасып, Жазда бақты қорғайды. Күзде кетер қоштасып, Кім біледі... (торғайды).	маңыздылығын білгізу. 2. Қимылды ойындар: «Қояндар мен қасқыр», «Мысық пен тышқан» , «Күн мен түн» 3. Жеке жұмыс. 2-3 балаға жыл мезгілдерінің аттарын айтқызып үйрету. 4. Еңбек. Телімдегі ағаш қалдықтарын жинау. 5. Көркем сөз: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі)	жатқанын бақылауға үйрету. Күн сәулесінсіз табиғаттың өмір сүре алмайтындығы туралы түсінік беру. 2. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» 3. Жеке жұмыс: 1-2 балаға жерге күннің суретін салуды үйрету. 4. Еңбек.Ойын алаңындағы қоқыстарды жинау. 5. Көркем сөз: Күн жылынып, қар еріп, Сай-салаға толады. Бөбектерім айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады?	2. Қимылды ойындар: «Күн мен жаңбыр», «Кім түртті?». 3. Жеке жұмыс. Күн шыққанда екі-үш балаға жаттату Май берейін, құрт берейін, Күннің көзі шық,шық. Алақай, алақай, Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты. 4. Еңбек. Еріген суға жол ашу. 5. Көркем сөз. . Арнау өлең оқу Алақай, алақай ! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты.
Балалардың үйге қайтуы	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Әдептілік сөздерді үйретуін ескерту.	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:**»ЖШС «НАШ МАЛЫШ»БАЛАБАҚШАСЫ**

Топ:**»«Көгершін» ересек тобы**

Балалардың жасы- **4 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі 24-28.02.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. (**Күй әуенін қосу. Күй күмбірі)**				
	Д/О «Мамандықтар» Мақсаты:Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, толықтыру.(**Сөйлеуді дамыту**) Д/О «Музыкалық аспаптар» Мақсаты:домбыра, қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. (**музыка**)	Д/О «Мамандықтар иесі» Мақсаты:Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, толықтыру. (**Сөйлеуді дамыту**) Д/О «Музыкалық аспаптар» Мақсаты:асатаяқ, қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. (**музыка**)	Д/О «Ересектердің еңбегі» Мақсаты:Сөздік қорды ересектердің еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. (**Сөйлеуді дамыту**) Д/О «Музыкалық аспаптар» Мақсаты:сылдырмақтармен, қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау (**музыка**)	Д/О «Ересектердің еңбегі» Мақсаты:Сөздік қорды ересектердің еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.(**Сөйлеуді дамыту** Д/О «Музыкалық аспаптар» Мақсаты:Ағаш қасықтармен, қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау(**музыка**)	Д/О «Мамандықтар иесі» Мақсаты:Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру (**Сөйлеуді дамыту**) Д/О «Музыкалық аспаптар» Мақсаты:Таныс әндерді орындауда балаларға арналға әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану(**музыка**)
	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Көкпар» ойыны** **Мақсаты:** Балаларды ұлттық ойын арқылы татулыққа, адамгершілікке баулу. Бір - біріне деген сыйластығын, достық қарым қатынасын нығайту. Ұлттық ойын арқылы салт - дәстүрлерді сақтай білуге тәрбиелеу. Бір - біріне деген шынайы достықты сезіне білу дағдысын дамыту. **(Бір тұтас тәрбие)** Д/О «Екі затты салыстыр» Мақсаты:Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу (**Математика негіздері**) Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.	Аудио кітаппен балалардың қызығушылығын арттырады, зейін тыңдауға, қазақ тіліндегі тән дыбыстарды айтуға қалыптастырады. **(Бір тұтас тәрбие)** Д/О «Екі затты салыстыр» Мақсаты:Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ені бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу (**Математика негіздері**) Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.	«Сөйлетін кітаптар» арқылы кітап бетіндегі қажетті сөздерді, шағын сөйлемдерді қайталап айту, сұраққа дұрыс жауап беруге баулиды. **(Бір тұтас тәрбие)** Д/О «Екі затты салыстыр» Мақсаты:Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ені , және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. (**Математика негіздері**) Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.	Үнтаспаны пайдалану арқылы аңдардың, құстардың, табиғат құбылыстарын т.б. дыбыстарды ажырата білуге мүмкіндік бар.**(Бір тұтас тәрбие)** Д/О «Өсу-кему» Мақсаты:Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. (**Математика негіздері**) «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.	«Тілге бойлау» жобасы қазақ тілін меңгеру, жаңылтпаштарды қайталау. **(Бір тұтас тәрбие)** Д/О «Геометриялық пішіндер» Мақсаты:Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу (**Математика негіздері**) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.
Таңертенгі жаттығу	**Таңертенгі жаттығу (затсыз)** 13. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; 14. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. 15. Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. 16. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). 17. Оңға, солға еңкею, шалқаю. 18. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. 19. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру				

	20. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. **21.** Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. **22.** Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. **23.** Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. 24. Тыныс алу жаттығу**(дене шынықтыру)**.				
Таңғы ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	Д/О«Мамандықтар иесі» Мақсаты:Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт дәстүрлер туралы айтуға баулу **(қазақ тілі)** Д/О «Өсімдіктер» Мақсаты:Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру**)	Д/О«Мамандықтар иесі» Мақсаты:Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен бай-ланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. **(қазақ тілі)** Д/О «Бақылау күнтізбесі» Мақсаты:Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, қар), соған сәйкес киіну. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. **(қоршаған ортамен таныстыру**)	Д/О«Ересектердің еңбегі» Мақсаты:Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен бай-ланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу. **(қазақ тілі)** Д/О «Зерттеушілер» Мақсаты:Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау.**(қоршаған ортамен таныстыру**)	Д/О «Жаңылтпаштар» Мақсаты:Жаңылтпаштар , жаттату. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **(қазақ тілі)** Д/О «Жануарлар әлемі» Мақсаты:Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігі, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау **(қоршаған ортамен таныстыру**)	Д/О «Жаңылтпаштар» Мақсаты:Жаңылтпаштар , жаттату. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. **(қазақ тілі)** Д/О «Жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасау» Мақсаты:Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу **(қоршаған ортамен таныстыру**)
ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Музыка** **Тақырыбы: «Музыкалық моншақтар»** **Мақсаты:** Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің	**Дене тәрбиесі** **Лақтыру, домалату, қағып алу.** **Мақсаты:** Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м	**Дене тәрбиесі** **Орнында жүру.** **Мақсаты:** Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таянуштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып,	**Музыка** **Тақырыбы: «Төменжәне жоғары дыбыстар»** **Мақсаты:** Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін	**Дене тәрбиесі** **Жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары.** **Мақсаты:** Педагогтің артынан жүру, жұптасып жүру, шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, қарқынды

	ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар. **1. Балалар көңілді музыкамен адымдап әуен залына кіреді.** Әуен ырғағына сай әр-түрлі жүріс-түрлерін жасайды. Отбасы мүшелерінің мамандықтардың суреттері ілінген. Балалармен отбасындағы дәстүрлі мерекелер туралы әңгімелесу. Отбасы туралы тақпақ, мақал-мәтел сайысын ұйымдастыру. **2. Музыка тыңдау «МеніңОтаным».**Ө.Байділдаев. -Отандегеннемене? **3. Ән айту.** «Ата ананы тыңдаймыз». Бота Бейсенова «Ұстаз ана» Бота Бейсенова.. Әндіайтаралдындасипатынажыратыпәуенінмәнберіп, таза орындауқажет.Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіру,ән айту ережелерін естен шығармау. **4. Музыкалық-ырғақты қимыл:«**Ақ қайың»биі. Ақ қайың-сұлу, биік ағаш. Би әуеніне аяқтың ұшымен, жұптасып билеуге болады. Қыз балалар қолына орамал ұстап, жоғары көтеріп, оңға-солға бұлғап қимыл жасайды.	кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы домалатуды қайталау. **Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу. **Қазақ тілі** **Тақырыбы:**"Тұрмыстық техника. Жеңіл - ауыр. Суық - ыстық" **Мақсаты:** Тұрмыстық техника туралы түсініктерін кеңейту, тұрмыстық техниканың адам өміріндегі рөлі туралы түсінік беру; «жеңіл - ауыр», «суық - ыстық» заттардың қасиеті жайлы түсініктерін бекіту;	тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшыменжүгіру. **Ойын:** «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Тыныс алу жаттығуын орындау.	ажырата білуге баулу. **1. Балаларды музыкамен қарсы алу.** **Ойын:** Түстері бірдей,әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар суреті салынған карточкалар үлестіріледі. Шығарманы тыңдап,төменгі дыбысқа үлкен қоңырау,орташа дыбысқа орташа қоңырау,жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген сәйкес карточканы көрсетеді. **2. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Сөзі: Ж.Смақов. Балалар бізге қазір «Мысық пен мысықай» ойыны: Мысық пен мысықай дауыстарын салған балаларды мадақтау. «Көңілді ырғақ» биін таныс би қимылдарымен билету.	өзгерте отырып жүру, бағытты өзгерте отырып жүру, жүруден жүгіруге ауысу, Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. Берілген белгіге көңіл аударуға дағдыландыру. Табан, тізе бұлшықеттерін нығайту. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. **Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы

		құрылғыларға күтім жасау ережелері туралы түсініктерін дамыту.Балаларға тұрмыстық техника туралы тақпақты мұқият тыңдап, таныс сөздерді тауып атауды үйрету; сөз тіркестеріндегі тұрмыстық техниканың қызметін бейнелейтін етістіктерді дұрыс айтуға жаттықтыру; сөз тіркестерін, антонимдік жұптар құрауға үйрету; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, заттардың сапасына қызығушылықтарын арттыру. Ізденімпаздылыққа, ұқыптылыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.			
2- таңғы ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.				
	Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау Мақсаты: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып, қоршаған орта білімдерін толықтыру Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңлдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Сұрақтар: 1. Бұл машинаның аты қалай? 2. Ол не істейді? 3. Ол қарды қалай жинайды? 4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер?	Саябаққа саяхат. Мақсаты: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу. Балалардың сөз құрамында:қыс,қар, мұз, аяз,қар қырш-қырш еттеді,жалтырайды,жылтылдай ды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану.Балаларды табиғаттың қамқоршысы,жанашыры етіп тәрбиелеу. Тапсырма: «Қыс кемпірдің бқзықтығы» атты тақырыпта шағын әңгіме құрастыру,қыстың жағымды,жағымсыз құбылыстары туралы.	Күн көзін бақылау. Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы,аяғымен) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру.Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды. Күн қысқа әрі суық .Көлеңке ұзарды. Көркем сөз: Батар күннің атар таңы бар. Қимылды ойын: «Жұп болып эстафета ойының жүргіжу» Мақсаты: шанамен сырғанақ	Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау. Мақсаты: Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жердең бір жерге жөңікіліп жүреді. Көркем сөз: Қыстсың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астың ораған ақ ьқармысың. Алай-түлей бораның, язында, Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?!	Саябаққа саяхат. Мақсаты: балалардың қыс жөніндегі түсініктерін толықтыра түсу. Туған табиғатқа деген балалардың сүіспеншілігін қалыптастырып,арттыру, оның ғажап сұлуғын балаларға сүйсіндіру. Сұрақтар: 1Қазір жылдың қай мезгілі? 2Жердің беті қандай? 3Күн көзінің нұры қандай? 4Жылуы қандай, жылыта ма? 5Сендер аязды сезінесіндер ме? 6Бұрынан таныс ағаштардың, құстардың атын еске алып, олар туралы сұхбат жүргізу.

	Көркем сөз: Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол поездың. Қатар-қатар тұратың Поезды біз құрайық. Қим. ойын: «Аңшы мен коян» Мақсаты:нысаңаға затты лақтырып тигізу, жүгіру,өрмелеп жоғары шыға білу. Еңбек:гүлзарға,ыдысқа түрлі- түсті мұзды қатырып қою. Мақсаты:балалардың эстетикалық танымдарын арттыру.Айналаны әсем етіп көріктендіру. Жеке жұмыс: шанғы тебе білуг үйрету. Шанғы жолымен сырғанай отырып жүру. Жорамал:Қыс қарлы болса-Жаз жаңбырлы болады.	Көркм сөз: Ақ қар жауды, Енді аппақ жер өңі Қардаң таулар Көлеңкесін көреді. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты: тез жүгіруге,жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру. Жеке жұмыс:жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру. Кім бәрінен алысқа лақтырса- сол жеңімпаз. Жұмбақтар: Мәтел: Қанаты жоқ ұшады, Қыстағы қар,жаздағы жаңбыр- Аяғы жоқ желеді, Жерге жауған нұр. Аузы жоқ ұлиды. (боран)	тебу.Балаларды эстафета бір- біріне беруге үйрету.Жолдасы үшін жанашыр,жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. Еңбек: Аққала жасау. Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әнгіме- салаттарды құрату. Жұмбақ; Мақал: Таңмен көзін ашады, Мезгіл жетсе, Әлемге нұрын шашады. Мұз да ерір.	Қимылды ойын: «Үшінші артық» Мақсаты:Шапшандыққа баулу. Еңбек:Ауланы қардан тазалау. Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету. Қимылды ойын: Денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс білу. Жаңылпаштар: Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ.... Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?	Саябақты аралап,оның гүлденгенін сүйсіне білу. Көркем сөз: Күн мейрімін төгеді, Жазаламай ешкімді Сәулесімен өбеді, кәрі еменді, өскінді, Жаз құшағы шуақты, күн анамыз сияқты. Қим. ойын: «Суық аяз» Мақсаты: тез жүгіруге жүгірген баланы ұстап алуға жаттықтыру. Жеке жұмыс: алға қойылған тосқауылдардан екі аяқпен бірдей секіріп, өте білу. (айналадағы жатқан заттарды да пайдалануға болады)
Серуеннен оралу	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Түскі ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Күндізгі ұйқы	Аудио жазба-классикалық бесік жыры «Табиғат дыбыстары» релаксациялық жаттығу. Мақсаты: қалпына келтіру үшін ұйқы режимін орнату. гигиеналық процедуралар. Ұйқыны ұйымдастыруға жағдай жасау. «Ұйқы менің қуанышым...» бесік жырын тыңдау				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну жетілдіру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру.				
Бесін ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа	Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» Мәдіхат Төрежанов Мақсаты:Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге	Тақырыбы:«Жұмыстың бәрі жақсы» (өлең) Мақсаты:Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап	Тақырыбы:«Алпамыс батыр жыры» Мақсаты:Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын	Тақырыбы:«Алпамыс батыр жыры» Мақсаты:Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру (**көркем әдебиет**)	Тақырыбы:Кітапхана Мақсаты:Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру (**көркем әдебиет**)

әрекеттер)	және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: «Кішкентай бағбан» **Сурет салу** Мақсаты:Балаларды суреттерді қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау **Жапсыру** Мақсаты:Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен)	айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Мамандықтар иесі **Сурет салу** Мақсаты:Балаларды суреттерді қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру,. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау **Жапсыру** Мақсаты:Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау	түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы:Еңбек құралдары **Сурет салу** Мақсаты:Балаларды суреттерді қылқаламмен, бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:. ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау **Жапсыру** Мақсаты:Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. **Құрастыру** Мақсаты:Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан	Тақырыбы:Алпамыс батыр **Сурет салу** Мақсаты:Балаларды суреттерді қылқаламмен, бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге ырғақты түрде бояу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Бірнеше бөліктер-ден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөлік-терді біріктіру **Жапсыру** Мақсаты:Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. **Құрастыру** Мақсаты: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау Өзіндік жұмыс. Балалардың ойын уақытында бір біріне деген қарымқатынасын түзету,қылықтарымен істерін айқындау, өз көзқарас ында тұрақты тұру; құрдасы	Тақырыбы: Сүйікті ертегі **Сурет салу** Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. **Мүсіндеу** Мақсаты: Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету **Жапсыру** Мақсаты:Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. **Құрастыру** Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету: «оригами» . бойынша қарапайым пішіндер құрастыру **Д/О: "Көктайғақ"** **Тапсырмалар**: - қыс мезгілінде - көктайғақта қауіпсіздік ережелерін бекіту; - суреттерден қауіпті жағдайды анықтауға, оны сипаттауға және ережелерді білуге үйрету, жарақат алмау және өліп қалмау үшін оны сақтау керек. **(Қауіпсіздік дағды)**

	таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау Ырымдар: қар көп түседі, суы қтар күшейеді мол егін орылады.Ағаштарға қырау тұ рса аспан көк болады. Түнде қырау болса күндіз қар жаумайды. **(Қауіпсіздік дағды)**	«Жолаушылар» Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. **(Қауіпсіздік дағды)**	жасалғанын зерттеу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау «Абайла, балақай!» балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм. Интерактивті тақтадан «Жол қауіпсіздігі» толық мағлұмат **(Қауіпсіздік дағды)** .	ның ойы мен өзінің ойының келіспеушілігін, оның ойынш ықтарды, рөлді және міндеттерді бөлісудегі қимыл ісәрекеттерін сыпайы түрде аңғарта білуін дамыту. **(Қауіпсіздік дағды)**	
Балалармен жеке жұмыс	***НУХАТАЙ ӘЛИЖАН*** **Кітап бұрышындағы жеке жұмыс.** Мақсат-міндеттер: кітапқа деген құрмет сезімін тәрбиелеу. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	***АБАЙҚЫЗЫ ТӨРАЙЫМ*** **"Сәйкесін тап"ойыны.** Мақсат-міндеттері. Үстел ойыны арқылы ойналады. Қиынды суреттерден қыс мезгілі ерекшеліктерін білдіретін суреттерді тауып құрастыру; ойлау қабілеттерін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	***МЫСЫР АЯЛА*** **Жаңылтпаштар жаттау.** 1) Пеш үстінде бес мысық, Пеш ішінде бес мысық Бес күзетші ... бес пысық. 2) Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім Неше кіші ішік піштім? 3) Ұшып кетті үш құс, Ұшып келді ұшқыш. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	***МЫРЗАХМЕТ ДАНИЯЛ*** **"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Қажетті құралдар. Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**	**АЛИЯР АЛАН** **Дидактикалық ойын. "Қыс мезгілінде не болады?"** Мақсат-міндеттері: қыс мезгілі кезіндегі табиғат құбылыстарын ажырата білу. Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттер таратады. Осы суреттердің ішінен бала, қыс мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және де суретті бейнелеп береді. Мысалы: Далада айналаның барлығы аппақ. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)**
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Қар жинайтын машинаның жұмысын бақылау Мақсаты: адам еңбегін жеңілдететін машинамен таныстыруды жалғастырып,	Саябаққа саяхат. Мақсаты: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу.Балалардың сөз	Күн көзін бақылау. Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы,аяғымен) байланыстырып, балаларға	Ауа райының жайсыз жағдайын бақылау. Мақсаты: Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты	Саябаққа саяхат. Мақсаты: балалардың қыс жөніндегі түсініктерін толықтыра түсу. Туған табиғатқа деген

	қоршаған орта білімдерін толықтыру Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Сұрақтар: 1. Бұл машинаның аты қалай? 2. Ол не істейді? 3. Ол қарды қалай жинайды? 4. Балалар сендер адам еңбегін жеңілдететін тағы қандай машиналарды білесіңдер? Көркем сөз: Кәне, кімнің бойы ұзын, Паровозы ол поездың. Қатар-қатар тұратың Поезды біз құрайық. Қимылды ойын: «Аңшы мен коян» Мақсаты:нысаңаға затты лақтырып тигізу, жүгіру,өрмелеп жоғары шыға білу. Еңбек:гүлзарға,ыдысқа түрлі-түсті мұзды қатырып қою. Мақсаты:балалардың эстетикалық танымдарын арттыру.Айналаны әсем етіп көріктендіру. Жеке жұмыс: шанғы тебе білуге үйрету.Шанғы жолымен сырғанай отырып жүру. Жорамал:Қыс қарлы болса-Жаз жаңбырлы болады.	құрамында:қыс,қар, мұз, аяз, қар қырш-қырш еттеді, жалтырайды,жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану. Балаларды табиғаттың қамқоршысы, жанашыры етіп тәрбиелеу. Тапсырма: «Қыс кемпірдің бқзықтығы» атты тақырыпта шағын әнгііме құрастыру, қыстың жағымды,жағымсыз құбылыстары туралы. Көркм сөз: Ақ қар жауды, Енді аппақ жер өңі Қардаң таулар Көлеңкесін көреді. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты: тез жүгіруге,жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру. Жеке жұмыс:жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру. Кім бәрінен алысқа лақтырса-сол жеңімпаз. Жұмбақтар: Мәтел: Қанаты жоқ ұшады, Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр Аяғы жоқ желеді, Жерге жауған нұр. Аузы жоқ ұлиды. (боран)	барынша мол түсінік беру.Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды. Күн қысқа әрі суық .Көлеңке ұзарды. Көркем сөз: Батар күннің атар таңы бар. Қимылды ойын: «Жұп болып эстафета ойының жүргіжу» Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу.Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету.Жолдасы үшін жанашыр,жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. Еңбек: Аққала жасау. Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әнгіме-салаттарды құрату. Жұмбақ; Мақал: Таңмен көзін ашады, Мезгіл жетсе, Әлемге нұрын шашады. Мұз да ерір.	желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады, ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жердең бір жерге жөңікіліп жүреді. Көркем сөз: Қыстсың кенже баласы ақпанбысың, Аспан астың ораған ақ ьқармысың. Алай-түлей бораның, язында, Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?! Қимылды ойын: «Үшінші артық» Мақсаты:Шапшандыққа баулу. Еңбек:Ауланы қардан тазалау. Мақсаты: күректі пайдалана білуге үйрету. Қимылды ойын: Денені тік ұстап, жатығуларды дұрыс білу. Жаңылпаштар: Қар аппақ, дала аппақ-бәрі аппақ.... Қыс қыспаса, қыс па? Құс ұшпаса, құс па?	балалардың сүіспеншілігін қалыптастырып,арттыру, оның ғажап сұлуғын балаларға сүйсіндіру. Сұрақтар: 1Қазір жылдың қай мезгілі? 2Жердің беті қандай? 3Күн көзінің нұры қандай? 4Жылуы қандай, жылыта ма? 5Сендер аязды сезінесіндер ме? 6Бұрынан таныс ағаштардың, құстардың атын еске алып, олар туралы сұхбат жүргізу.Саябақты аралап,оның гүлденгенін сүйсіне білу. Көркем сөз: Күн мейрімін төгеді, Жазаламай ешкімді Сәулесімен өбеді, кәрі еменді, өскінді, Жаз құшағы шуақты, күн анамыз сияқты. Қимылды ойын: «Суық аяз» Мақсаты: тез жүгіруге жүгірген баланы ұстап алуға жаттықтыру. Жеке жұмыс: алға қойылған тосқауылдардан екі аяқпен бірдей секіріп, өте білу. (айналадағы жатқан заттарды да пайдалануға болады)
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Ойын арқылы балалардың ой - өрісін жетілдіру».	Психологтің кеңесі: Мысалы:« Тұмаудын алдын алу туралы»	Кеңес Қыс мезгіліндегі ойын түрлерін ойнағанда кауіпсіздік ережесін сақтау	Кеңес: «Баланың үйдегі тәрбиесі».	«Қардың пайдасы».

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:**»ЖШС «НАШ МАЛЫШ»БАЛАБАҚШАСЫ**

Топ: **««Көгершін» ересек тобы**

Балалардың жасы- **4 жастағы балалар**

Жоспардың құрылу кезеңі: 03-07.03.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Адай күйімен қарсы алу Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О «Тұрмыстық электротехника» Мақсаты:тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту. **(Сөйлеуді дамыту)** «Асық» ойындары Жіпке тізу. Түстерді ажырату **Бір тұтас тәрбие)**	Менің елім әнімен қарсы алу. **(Күй қосу,күй күмбірі)** Д/О «Тұрмыстық электротехника» Мақсаты: тұрмыстық электротехника заттарының атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту. **(Сөйлеуді дамыту)** «Балалар кітапханасы» жобасы аясындаға балалар кітапханасы. **(Біртұтас тәрбие)**	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О «Тұрмыстық заттар» Мақсаты:ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту. **(Сөйлеуді дамыту)** Ою өрнек трафаретімен ойын,ұлттық құндылық, **(Бір тұтас тәрбие)**	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О «Төлдің баласын тап» Мақсаты:Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, **(Сөйлеуді дамыту)** "Қамшы өру" ойыны Қол моторикасын жетілдіру, ұлттық мәдениетті таныстыру. **(Бір тұтас тәрбие)**	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **Күй қосу, күй күмбірі** Д/О «Даусынан таны» Мақсаты:Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, **(Сөйлеуді дамыту)** «Шаш өру" ойыны Балалардың қол моторикасын және зейінін дамыту, ұлттық дәстүрлерді үйрену. **(Бір тұтас тәрбие)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнату				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Д/О: "Кім қайда тұрады?"** Жабайы және үй жануарларының тіршілік ету ортасы туралы білім беру (адамның жанында, орманда); кішкентай бауырларымызға деген сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О«Геометриялық фигуралар» Мақсаты:Балаларды	**Д/О: "Кімнің әні екенін тап?"** Ономатопея дағдыларын жетілдіру; дауыс күшін және оны басқара білу қабілетін дамыту. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О«Салыстыр» Мақсаты:жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа,	**Д/О: "Бала жоғалып кетті"** Бірнеше жануарлардың арасынан белгілі бір жануарлардың төлдерін табуға және атауға үйрету; жанашырлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Салыстыр» Мақсаты:жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-	**Д/О: "Балапанның анасын тап"** Ересек жануарды күшігі бойынша анықтауға үйрету; жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу; "Жануарлар және олардың төлдері" тақырыбында сөздік қорын белсендіру. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О«Геометриялық фигуралар»	**Д/О: "Жануарларды емдейік"** Кейбір жануарлардың (қоян, тиін, мысық, сиыр) қоректену жолдары туралы білімдерін бекіту; жомарттыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Геометриялық фигуралар» Мақсаты:Балаларды геометриялық фигураларды

	геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу (**Математика негіздері**) Д/О «Зерттеушілер» Мақсаты:ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. (**қоршаған ортамен таныстыру**) «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.	енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру (**Математика негіздері**) Д/О «Өмір қауіпсіздігі» Мақсаты:Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. (**қоршаған ортамен таныстыру**) Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.	қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру (**Математика негіздері**) Д/О «Табиғат құбылыстары» Мақсаты:Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. (**қоршаған ортамен таныстыру**) Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.	Мақсаты:Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу (**Математика негіздері**) Д/О «Өсімдіктер» Мақсаты:Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман). (**қоршаған ортамен таныстыру**) «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.	(дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу (**Математика негіздері**) Д/О «Зерттеушілер» Мақсаты:ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. (**қоршаған ортамен таныстыру**) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.
Таңертенгі жаттығу	**Таңертенгі жаттығу (затпен)** 1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; 2. қолдарын алға-артқа сермеу; 3. қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. 4. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. 5. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. 6. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. 7. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. **8.** Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. 9. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру.			

	10. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. **11.** Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. 12. Тыныс алу жаттығу**(дене шынықтыру)**.				
Таңғы ас	Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.				
Серуен	Жәндіктерді бақылау(қызылқоңыз, жазғытұрғы қоңыз,солдатиктер,маса) Бақылау Балалардың жәндіктердің тіршілік орны,қозғалу тәсілдері және сыртқы түрлерінің ерекшелігі туралы білімдерін пысықтау; Сараптама жасауға үйрету.Себеп-салдарлы байланыстарын анықтау,қорытынды жасау,байқампаздықтарын, қызығушылықтарын дамыту. Тақырып бойынша сөздік қорларын жинақтау. Көркем сөз Жұмбақ Шидім,шидім,шидім құс Ши басына қонған құс Қарқаралы қара құс Хан басына қонған құс (шыбын) Болжам Ауа райы бұзыларда қоңыздар ызылдайды, егер қатты ызылдаса-ашық жылы ауа райына. Маса жарыққа қарай ұшса-суыққа. Тақпақ Қимылды ойын «Көбелектер, бақалар,көккұтан»	Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам. Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдер мен тамағын салатын себеттер тоқыған. Тәрбиеші сұрақтары: · Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? · Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? · Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? · Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? · Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма? · Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? Зерттеу жұмысы Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары	Ұшып келген құстарды бақылау Мақсаты: көктем құстары жайлы білімдерін бекіту. Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз «Ұя» Қ.Баянбаев Ұя жасап тақтайдан, Талға апарып байладым. Жыл құсының шаттанған, Күттім қашан сайрауын. Сол ұяны талдағы, Қараторғай мекендеп, Күні бойы сайрады, Жылы пәтер екен деп. Балаларға сұрақтар: · Балалар сендер қандай құстарды білесіңдер? · Жыл құстары деп неге айтамыз? · Құстар неге жылы жаққа ұшып кетеді? · Құстар туған жеріне қай уақытта ұшып келеді? · Ауламызға ұшып келген құстарға қандай қамқорлық жасау керек деп ойлайсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Құстарды топқа бөл. Мақсаты: құстар суреттерін қыстап қалатын құстар және жыл құстары тобына бөліп, ұяларға орналастыру. Еңбек: Гүл егетін орынды тазалап, гүл отырғызуға дайындау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құпшыныстарын арттыру. Қимылды ойын: «Ұшты ұшты». Мақсаты: зейіндерін дамыту, байқампаздыққа, тез ойлап, тез шешім қабылдауға үйрету. Жеке жұмыс Жаңылтпаштар жаттау: Үйір, үйір үйректі, Қаз маңғаз, Үйірге кім үйретті? Маңғаз қаз. Үйір, үйір үйректі, Әр кез маңғаз, Үйірге өзім үйреттім. Қаз маңғаз. Мақсаты: сөздік қорларын	Мойыл бұтасын бақылау Мақсаты: — Бұталар туралы білімдерін молайту; — Бақылай, зерттей білу қабылеттерін дамыту; — Табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі: Мойыл әрі дәрілік, әрі сәндік өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде әдемілігімен көздің жауын алып, хош иісі мұрыныңды жарады. Мойыл мамыр, маусым айларында гүлдейді, ал, жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Қоңыр күзде мойылдың жемістері өте дәмді болады. Жаңа піскен жидектерінен қант қосып тәтті сусындар мен кисельдер жасайды. Сол сияқты мойыл жидектерінің емдік қасиеті де өте жоғары. Одан жасалған дәрілермен іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын емдейді. Сондықтан да мойылды кеспей, сындырмай сақтаған жөн. Мойыл гүлдері өте әдемі болғанмен, оның гүл шоғын көп етіп алсаңыз басыңыз ауырады, егер өте қызықсаңыз, бұтасын сындырмай ғана, екі-үш гүлін пышақпен кесіп алып, суға салып қойсаңыз, сол да жеткілікті болады. Мойылды өзіңіз де сындырмаңыз, өзгеге де жол бермеңіз. Балаларға сұрақтар ♦ Мойыл ағашы қай уақытта гүлдейді? ♦ Мойылдың жемістері қай уақытта піседі? ♦ Мойыл жидектерінен не жасайды?

	Алаңқайда қолдарын жоғары-төмен қозғалыста көбелек болып айналу дағдыларын пысықтау; төрт тағандап секіру-бақа,бір аяқпен тепе-теңдіті сақтап тұру-көккұтан. Тепе-теңдікті сақтап кеңістікте қозғалыс үйлестігін жетілдіру. Еңбек іс-әрекеті Гүлдің өсіндісін құмыраға отырғызу. Тәрбиешінің тапсырмасын орындау дағдыларын пысықтау. Бастаған істерін аяқтау, жұмыс істеу ниеттерін тәрбиелеу. Дидактикалық ойын.Тәжірибе мен сараптама. «Төртінші артық» Балалардың топтау, салыстыру, қорытындылау дағдыларын дамыту; жәндіктер туралы білімін пысықтау. Өз бетімен іс-әрекет Балалардың ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынасын,өз іс-әрекеттерін және қылықтарын көрсете білу, өз ойын,көзқарасын,мүддесін қорғай алу;құрдастарының ұсыныстары мен келіспеушілігін сыпайы түрде көрсету біліктіліктерін арттыру	арқылы ажыратуға болады? Еңбек Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: _-ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту	байыту. Тыйым сөздер: Құс ұясын бұзба. Құсқа тас атпа. Құс жұмыртқасын сындырма.	♦ Мойылдың басқа қандай қасиеті бар? ♦ Бұл ағашты не үшін сақтауымыз керек? Еңбек Үлкендерге ағаш отырғызуға көмектесу. Мақсаты: ағаш отырғызу және оны өсіруге деген ынталарын ояту, табиғатты көркейтуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Біздің аулада не өседі?». Мақсаты: ағаштар аттарын есте сақтауларын тиянақтау, аталған жерге тез жетуге, тез ойлауға, тез шешім қабылдауға баулу. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту Мақсаты: доп лақтыруға жаттықтыру. Мақал-мәтел: - Бір тал кессең, он тал ек. - Бір ағаштан жасалады мың шырпы, Мың ағашты өртеп кетер бір шырпы.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Баланызды тәрбиелеуге арналған 5 кеңес»	Тренинг: «Мен қандай ата-анамын?»	Балалардың жұмыстарымен таныстыру.Оқу қызметіндегі жетістіктерін мадақтау арқылы жеткізу.	Кеңес: «Табиғатты аяла». Мақсаты : Қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімдерін ояту.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «Наш малыш»балабақшасы**

Топ: **««Көгершін» ересек тобы**

Балалардың жасы- 4 жастағы балалар.

Жоспардың құрылу кезеңі–05-08.05.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Бейсенбі
Балаларды қабылдау	**«Қуыр-қуыр, қуырмаш»** Міндеті: Баланың эмоционалдық байланысын нығайту, сенсорлық қабілетін дамыту.Ойын барысы: Баланың алақанын өз алақаныңызбен сипай отырып, "Қуыр-қуыр, қуырмаш" өлеңін айтасыз. Өлеңнің соңында оның саусақтарын жұмып "саусақты жасырып қойдыңыз" деп ойнайсыз. **(Біртұтас тәрбие)** Д/О «Отан қорғаушылар» Мақсаты:Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету (**Сөйлеуді дамыту**)	**«Сандықтың ішіндегі не бар?»** Міндеті: Баланың ұлттық бұйымдарды танып, сөздік қорын дамыту. Ойын барысы: Кішкене сандыққа ұлттық бұйымдарды салып, оны ашып, бір бұйымды көрсетіңіз. Мысалы: "Бұл домбыра. Ол музыкалық аспап" деп түсіндіру. **(Біртұтас тәрбие)** Д/О «Астана» Мақсаты:зат есімдерді жекеше және көпше түрде атауға үйрету. (**Сөйлеуді дамыту**)	**«Оюларды таны»** Міндеті: Баланың түстерді ажырату қабілетін дамыту. Ойын барысы: Түрлі-түсті ою-өрнектерді немесе заттарды көрсетіп, олардың түсін атауды сұраңыз. Мысалы: "Бұл қызыл ою. Бұл сары ою." **(Біртұтас тәрбие)** Д/О «Қауіпсіздік ережесі» Мақсаты:сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, үйрету. (**Сөйлеуді дамыту**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру		

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Ол қай жерде өседі** **Мақсат**: дәрілік өсімдіктердің қай жерде өсетіні туралы білімдерін бекіту **Материал:** доп **Ойын барысы:** Тәрбиеші әр балаға сұрақ қою арқылы допты лақтырады: - Жолжелкен қай жерде өседі? (Бала жауап беріп, допты кері лақтырады) - Түймедақ қай жерде өседі? т.б. **(Экологиялық дағды)** Д/О«Қанша болды?» Мақсаты:Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету (**Математика негіздері**) Д/О«Астана» Мақсаты:Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. (**қоршаған ортамен таныстыру**) Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен	**Қандай гүл жоғалып кетті.** **Мақсат**: балаларды гүлдерді "табиғат бұрышы" (Tradescantia, шегіргүл, амазонка лалагүлі, бегония) деп атауға үйрету, көрнекі есте сақтау қабілетін дамыту, өсімдіктерге қамқорлық жасауға деген құштарлығын арттыру. **Ойын барысы** Тәрбиеші "табиғат бұрышынан" өсімдіктерді үстелге қояды, балалар оларды атайды. Тәрбиеші балалардың көздерін жұмып, бір өсімдікті жасыруын ұсынады. **(Экологиялық дағды)** Д/О «Салыстыр» Мақсаты:5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру, Ұзындығы, бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру, салы-стыру нәтижелерін ұзын-қысқа, сын есімдер-мен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. (**Математика негіздері**) Д/О «Отан қорғаушылар» Мақсаты:Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. (**қоршаған ортамен таныстыру**) «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну.	**Кім қалай айқайлайды.** **Мақсат**: балалардың құстардың дыбыстарын шығару қабілетін бекіту; зейінділігін дамыту табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. **Материал:** қарға, балапан, торғай, тоқылдақ, үкі бейнеленген суреттер. **Ойын барысы** Тәрбиеші балаларға кезек-кезек құстар салынған карточкаларды көрсетеді, балалар оларды дауыстап айтады, содан кейін оларды атайды. **(Экологиялық дағды)** Д/О «Салыстыр» Мақсаты:5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру, ені, бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салы-стыру нәтижелерін енді-енсіз, сын есімдер-мен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. (**Математика негіздері**) Д/О«ҚауіпсіздіК ЕРЕЖЕСІ» Мақсаты:Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау (**қоршаған ортамен таныстыру**) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде

	жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.	Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.	ересектерге жүгінуге баулу.
Таңертенгі жаттығу	**Таңертенгі жаттығу / затпен** 1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; 2. қолдарын алға-артқа сермеу; 3. белге қою, кеуде тұсына қою; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. 4. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. 5. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. 6. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру.		

	7. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. 8. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. 9. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. **10.** Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. **Дене шынықтыру**		
Таңғы ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу		
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	Д/О «Заттар мен өсімдіктер» Мақсаты:Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру **(қазақ тілі)** Д/О«Көңілді әуен» Мақсаты:жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. (**музыка**)	Д/О «Жануарлар, құстар» Мақсаты:Қоршаған ортадағы жануарлардың, құстардың, атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру **(қазақ тілі)** Д/О «Көңілді әуен» Мақсаты:жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу. (**музыка**)	Д/О «Табиғат құбылыстары» Мақсаты:Қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарының, атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру **(қазақ тілі)** Д/О «Домбыра» Мақсаты:қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. **(музыка)**
ББҰ кестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Музыка** **Тақырыбы: «Үлкен – кішкентай»** **Мақсаты:** Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу. **1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.** Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ. Баланың жүрісі – қысқа шапалақ. **2. Музыка тыңдау**«Тұлпарым». **3. Ән айту**«Қуыр-қуыр-қуырмаш» Әннің мәтінін үйрету. **4. Музыкалық-ырғақты қимыл:**	**Дене тәрбиесі** **Мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру.** **Мақсаты:**Киініп-шешіну кезінде: киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру. **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:**	**Музыка** **Тақырыбы: «Үлкен – кішкентай»** **Мақсаты:** Балаларды ұзақ қысқа дыбыстарды білуге үйрету. Музыканың ритмін сезінуге баулу. **1. Балалар музыка залына қолдарына жалауша алып көңілді маршпен кіреді.** Музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдатқызып, жолда кімнің келе жатқанын тыңдатқызып сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Үлкен адамның жүрісі – ұзақ шапалақ. Баланың жүрісі – қысқа шапалақ. **2. Музыка тыңдау**«Тұлпарым». **3. Ән айту**«Қуыр-қуыр-қуырмаш» Әннің мәтінін үйрету. **4. Музыкалық-ырғақты қимыл:**

	Лентамен жаттығу. 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға	1. Бірқалыпты жүгіру, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен шеңбер бойынша, аяқтың ұшыменжүгіру. **Ойын:** «Маған қарай еңбекте» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Тыныс алу жаттығуын орындау. **Қазақ тілі** «Төлдер» **Мақсаты:** Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға бау-лу	**Лентамен жаттығу.** 1.Қолды екі жаққа жайып жоғары көтеру, қайта түсіру. 2.Қолды жоғары көтеріп денені оңға
2- таңғы ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.		
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.		
Серуен	Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.		
	Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі_-түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: · Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? · Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? · Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе? Еңбек Алаңдағы сынған ағаш	Тастарды бақылау Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру. Бақылау барысы Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: · Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? · Асыл тастарды не үшін пайдаланады? · Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? ·	Бұлттарды бақылау Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы. Көркем сөз. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы? Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның, Бұлт-көшпелі бұлағы. Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Бұлт дегеніміз не? ♦ Бұлттардың түсі қандай болады? ♦ Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.) ♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар) ♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ♦ Шарбы бұлттар

	бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Қимылды ойын «Кім аталған ағашқа тез жетеді?». Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана көптен, дәрі шөптен	Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. · Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. Еңбек Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш жіппен секіруге жаттықтыру	неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) ♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ♦ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Зерттеу жұмысы Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. Еңбек Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу. Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар. Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру. Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.
Серуеннен оралу	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.		
Түскі ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.		
Күндізгі ұйқы	Ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту		
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну жетілдіру. Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру.		
Бесін ас	Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, қол орамалды пайдалануды үйрету.		

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Д/О: «Құстарға қалай көмектесеміз?»** **Мақсаты:**Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу. **Ойын шарты:**суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады. - Қыстап қалатын құстарға қалай көмектесеміз? - Құстар ұяны не үшін салады? - Құстардың денесін не жауып тұрады? **(Экологиялық тәрбие)** Тақырыбы: Жұмбақтар Мақсаты:жұмбақ шешуге үйрету. (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: **Сурет салу Дала өрнектері** Мақсаты:Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «бота мойын», «ботакөз», суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олар-дың арасындағы қашықтықты сақтау **Мүсіндеу** Мақсаты:Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету	**Д/О: "КІМ ҚАЙДА ТҰРАДЫ"** Мақсаты: табиғатқа деген қызығушылықты дамыту. Ойын барысы: Тәрбиешіде жануарлардың суреттері, ал балаларда әр түрлі жануарлардың тіршілік ету ортасының суреттері (шұңқыр, шұңқыр, өзен, қуыс, ұя және т.б.) бар. Тәрбиеші жануардың суретін көрсетеді. Бала оның қай жерде тұратындығын анықтауы керек, егер ол оның суретімен сәйкес келсе, картаны тәрбиешіге көрсету арқылы оны "орналастыруы" керек. **(Экологиялық тәрбие)** Тақырыбы: Айтыс Мақсаты: айтыс өнеріне баулу (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Жайлаудағы жануар **Сурет салу** Мақсаты:Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олар-дың арасындағы қашықтықты сақтау **Мүсіндеу** Мақсаты:Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру	**Д/О: "ОРМАНДА СЕРУЕНДЕУ"** Адамдардың кінәсінен туындаған орман мен оның тұрғындары үшін қауіпті жағдайды мысалға ала отырып, балалардың экологиялық санасының негіздерін дамытуға ықпал ету. Адамның табиғаттағы тәртіп ережелерін сақтау қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-белсенді өмірлік ұстанымын, белгілі бір өмірлік ұстаным (батылдық, мейірімділік, қамқорлық, жауапкершілік) ретіндегі рөлге деген көзқарасын білдіру қабілетін қалыптастыру. **(Экологиялық тәрбие)** Тақырыбы: Ертегі әлемі Мақсаты:Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға баулу (**көркем әдебиет**) Тақырыбы: Табиғат құбылыстары **Сурет салу** Мақсаты:Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. **Мүсіндеу** Мақсаты:Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру

	Жапсыру Мақсаты:Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. **Құрастыру** Мақсаты:Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.	**Жапсыру** Мақсаты:Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру **Құрастыру** Мақсаты:Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.	**Жапсыру** Мақсаты:Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. **Құрастыру** Мақсаты:Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру
Балалармен жеке жұмыс	**БОЛАТ БЕЙБАРЫС** Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп). **(қазақ тілі)**	**РАХМАТУЛЛА ДИАНА** **ХАЛИДОЛДА МАҒЖАН** **Артикуляциялық жаттығу. «Музыкалық аспаптарда қалай ойнайды?»** Күмбір-күмбір - домбыра, Шертеміз біз қуана. Сыңғыр-сыңғыр - дутарда, Шертеміз біз қуана. Тын -тын -тын - балалайка, Қуаныш сыйлар балақайға. Үілдейді сырнай, Келіп тартшы балақай. Құбылады қобыз Біз ойнамай қоймаймыз.	**НҰРКЕН АЯНА** Жарқырап тұр күніміз Жайқалсын жас гүліміз, Бақта бұлбұл сайрасын. Сәнді көктем нұрымен Наурыз тойы - жырымен Көңіл гүлдей жайнасын. (Ә. Табылдиев) **(қарым-қатынас іс-әрекеті)**

		Балалар бір рет айтып болғаннан кейін, аталған аспапта ойнауды қимылмен көрсетулеріне болады. Үшінші рет айтылуы мен қимылы бірге жасалады.**(қарым-қатынас іс-әрекеті)**	
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.		
Серуен	Ауладағы бұталар мен өсімдіктерді бақылау Мақсаты: бұталар мен кез келген ағаштардың тіршілік иелері екендігі туралы түсініктерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркемсөз «Көктем» Б. Жақып Көктем келді бүгін, Күнім төкті нұрын. Сайрап барлық құстар, Ән салуға құштар. Түрлі_-түсті әйбат, Гүлдер шықты жайнап. Қызыл - жасыл аймақ, Қырға шықтық ойнап. Балаларға сұрақтар: · Көктем келгелі айнала қоршаған ортада қандай өзгерістерді байқадыңдар? · Ауламыздағы ағаштар бойында қандай өзгерістер бар? · Бұталар мен шөптерден қандай көктем бейнесін көріп тұрсыңдар? Дидактикалық тапсырма: Ауламыздағы ағаштардың қалай қыстап шыққанын қарау: сынған бұталар көп пе? Еңбек Алаңдағы сынған ағаш бұталарын жинау, бұталар түбін тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке баулу, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту, істеген жұмыс нәтижесіне қуана білу. Қимылды ойын «Кім аталған ағашқа тез жетеді?». Мақсаты: ағаш аттарын дұрыс атай білу, ойлау қабылеттерін дамыту, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қозғалыстарын дамыту. Мақсаты: сапта дұрыс жүрулері мен жеңіл жүкірулерін тиянақтау Мақал мәтел: Бабасы еккенді, баласы орады. Сәуір айы су айы, мамыр айы гүл айы. Дана көптен, дәрі шөптен	Тастарды бақылау Мақсаты: тастардың әртүрлілігімен және олардың қасиеттерімен таныстыру. Бақылау барысы Балабақша ауласындағы ойын алаңындағы бір ағаштың түбіне әртүрлі тастар салынған қапшықты тығу. Қапшық тығылған ағашты суреттеп айту. Қапшық табылғаннан кейін балалармен әңгіме өткізу. Тастар әртүрлі болады. Оларды жәй тас деп айтуға болмайды, себебі әр тастың өз ерекшелігі болады. Кейбір тастар бағалы, ал жәй тастардың да пайдасы өте көп. Сұрақтар: · Тастардың қандай түрлерін білесіңдер? · Асыл тастарды не үшін пайдаланады? · Жәй тастарды қай жерде, не үшін пайдаланады? · Гранит, мрамор тастарды көрген жерлерің бар ма, оларды не үшін пайдаланады? Тәрбиеші балалар жауабын толықтырып, түсіндіреді. · Балабақша ауласында, ғимарат құрлысында тастар бар ма? Зерттеу жұмысы Балабақша ауласынан түсі, көлемі әртүрлі тастарды тауып, жинау. Еңбек Ұжымдық жұмыс, балабақша аумағын тазалау. Мақсаты:ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге,бастаған істі аяқтауға, біткен іске қуануға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Бәйге». Мақсаты: нысанаға тез жетуге деген құлшыныстарын, жеңіске деген құштарлықтарын арттыру. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: секіргіш	Бұлттарды бақылау Мақсаты: өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін тиянақтау, табиғатты бақылауға деген қызығушылықтарын арттыру. Бақылау барысы. Көркем сөз. «Бұлт» Ө. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы? Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның, Бұлт-көшпелі бұлағы. Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Бұлт дегеніміз не? ♦ Бұлттардың түсі қандай болады? ♦ Бұлттар неден тұрады? (сан жетпейтін су тамшыларынан немесе мұз түйіршіктерінен.) ♦ бұлттардың қандай түрлерін білесіңдер? (түйдек бұлттар, шарбы бұлттар, қат-қабат бұлттар, түнерген найзағайлы бұлттар) ♦ Неге түйдек бұлттар дейміз? (олар аспанда түйдек-түйдек болып тұрады) ♦ Шарбы бұлттар неге ұқсады? (ақ ұлпаға, мамыққа, жақсылап аңғарып қарасаң олардан таныс бейнелерді көруге болады) ♦ Ең үлкен бұлттар қай бұлттар? (түнерген найзағайлы бұлттар) ♦ Қандай бұлттар жаңбыр әкеледі? (түйдек бұлттар, түнерген бұлттар) ♦ Бұлттар неліктен аспанда жүреді? (оларды жел қуады) Зерттеу жұмысы Аспандағы қандай бұлттар екенін анықтау. Бір нәрсеге (өлі және тірі табиғатқа жататын) ұқсайтын бұлттарды табу. Еңбек Алаңды егу жұмыстарына дайындау; қоқыстарды жинау, сыпыру. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген ынталарын қалыптастыру.. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан». Мақсаты: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа

		жіппен секіруге жаттықтыру	баулу. Жеке жұмыс Математикалық жаттығулар. Мақсаты: тақ және жұп сандарды санай білу дағдыларын жетілдіру. Халық болжамы. Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады.
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Баланың ойымен.қалай бөлісуге болады.».	Психологтің кеңесі: «Отбасы баланың тәрбиесіне тигізер пайдасы туралы кеңестер.»	Балалармен Осы аптада өткен қызықты күндері туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: **ЖШС «Наш малыш»балабақшасы**

Топ: **««Көгершін» ересек тобы**

Балалардың жасы- 4 жастағы балалар.

Жоспардың құрылу кезеңі: 13-16.05.2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. **(Бір тұтас тәрбие)** Д/О «Ауа райы» Мақсаты:Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. (**Сөйлеуді дамыту**)	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О«Қауіпсіздік ережесі» Мақсаты:етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір) (**Сөйлеуді дамыту**)	Үш түрлі смайликпен қарсы алу. **(Күй қосу,күй күмбірі, Бір тұтас тәрбие)** Д/О «Табиғат» Мақсаты:түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бойынша әңгімелер құрастыруға **(Сөйлеуді дамыту)**	Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу. **(Күй қосу, күй күмбірі, Бір тұтас тәрбие)** Д/О «Балабақшада» Мақсаты:түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға **(Сөйлеуді дамыту)**	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу. **(Күй қосу, күй күмбірі)** Д/О «Ертегі әлемі» шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға үйрету. (**Сөйлеуді дамыту**)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Д/О: "ДҰРЫСЫН ТАҢДА"** Мақсаты: балалардың кейбір қасиеттері бойынша ұқсас, ал басқаларынан ерекшеленетін заттарды абстракциялау, жалпылау, бөліп көрсету, заттарды немесе бейнелерді салыстыру, салыстыру қабілеттерін дамыту. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Салыстыр» Мақсаты: биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру, салы-стыру нәтижелерін биік-аласа, сын есімдер-мен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру (**Математика негіздері**) Д/О «Қауіпсіздік ережесі» Мақсаты:Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. (**қоршаған ортамен таныстыру**)	**Д/О: "Су қоймасының қоректік тізбектері" ойыны** Мақсаты: балалардың су қоймасының қоректік тізбектері туралы білімдерін бекіту. Ойын барысы: Тәрбиеші су айдыны тұрғындарының сұлбаларын ұсынады және балалардан тамақтану үшін кімге қажет екенін жариялауды сұрайды. Балалар карточкаларын жайып салады: **Экологиялық тәрбие)** Д/О«Салыстыр» Мақсаты:екі затты үстіне және қасына қою тәсілдері қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, салы-стыру жуанжіңішке сын есімдер-мен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру (**Математика негіздері**) Д/О «Бақылау күнтізбесі»	**Д/О: "Орманға немен баруға болмайды?" ойыны.** Мақсаты: ормандағы тәртіп ережелерін нақтылау және бекіту. Ойын барысы: Тәрбиеші үстелге мылтық, балта, тор, магнитофон, сіріңке, велосипед бейнеленген заттарды немесе иллюстрацияларды қояды... Балалар бұл заттарды орманға неге апармау керектігін түсіндіреді. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О«Салыстыр» Мақсаты:сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін ата (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа). (**Математика негіздері**) Д/О «Эксперимент» Мақсаты:ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау **(қоршаған ортамен**	**Д/О: "Фотограф"** Мақсаты: баланың табиғатпен тікелей қарым-қатынас жасау тәжірибесін алуын қамтамасыз ету. Ойын барысы: "Мен суретке жақсы түсемін бе". Балалар жұп болып бөлінеді. Бір бала – "фотограф", екіншісі-"фотоаппарат". "Фотограф" "камераны" табиғаттың қандай да бір объектісіне бағыттайды, "суретке түсіреді" (құлағын сәл тартады), бұрын"суретке түсіргісі келетінін"ойлаған. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О«Салыстыр» Мақсаты:сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). (**Математика негіздері**) Д/О «Климаттық жағдайлары» Мақсаты:Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау **(қоршаған ортамен таныстыру**	**Д/О: "Микрокөрсетілім"** Мақсаты: балаларды табиғатты "көруге" үйрету (оның ұсақ-түйектерін байқап, сезіну). Ойын барысы: Ойын табиғатта ойналады. Тәрбиеші жерге "соқпақ" төсейді (кәдімгі арқан қолданылады). Балалар осы соқпақ бойымен серуендеуге шығады (арқанның жанынан өтіп оның қисықтарын қайталайды) және бір уақытта келесі тапсырмаларды орындайды. Жол бойында шөптің неше сары жүзін кездестіргеніңізді есептеңіз. **(Экологиялық тәрбие)** Д/О «Геометриялық фигуралар» Мақсаты:Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу (**Математика негіздері**) Д/О «Өсімдіктер» Мақсаты:Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.Өсімдіктердің

	Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.	Мақсаты:Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ағзаға түсетін салмақты реттеу.	**таныстыру)** Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.	) «Денсаулық - зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған ісәрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдыналуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.	жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту. (**қоршаған ортамен таныстыру**) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзін қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.
Таңертенгі жаттығу	**Таңертенгі жаттығу / затпен** 1. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; 2. қолдарын алға-артқа сермеу; 3. белге қою, кеуде тұсына қою; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. 4. Тұрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. 5. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. 6. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. 7. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. 8. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. 9. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. **10.** Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. **Дене шынықтыру**				
Таңғы ас	Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу				
Ұйымдастырылған ісәрекетке дайындық	Д/О «Тұрмыстық заттар» Мақсаты:Қоршаған ортадағы тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын	Д/О «Туыстық қарым-қатынас» Мақсаты:Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «нағашы») білдіретін	Д/О «Туыстық қарым-қатынас» Мақсаты:Туыстық қарым-қатынасты («жеңге», «жезде») білдіретін сөздерд	Д/О «Туыстық қарым-қатынас» Мақсаты:Туыстық қарым-қатынасты («жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету	Д/О «Туыстық қарым-қатынас» Мақсаты:Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен») білдіретін сөздерді үйрету.

	қалыптастыру. (**қазақ тілі**) Д/О «Шеру» Мақсаты:марш сипатын ырғақты жүріспен беру (**музыка**)	сөздерді үйрету(**қазақ тілі** Д/О «Би әлемі» Мақсаты:музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру; (**музыка**)	үйрету. (**қазақ тілі**) Д/О«Би әлемі» Мақсаты:қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, (**музыка**)	(**қазақ тілі**) Д/О«Би әлемі» Мақсаты:музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. (**музыка**)	(**қазақ тілі**) Д/О«Би әлемі» Мақсаты:музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. (**музыка**)
ББҰкестесі бойынша ұйымдастырылған ісәрекет	**Музыка** **Тақырыбы: «Сиқырлы ағаш» ойыны** **Мақсаты:** Әуеннің дыбыс биіктігін ажыратып, естіген әуенді нота сызықтарына орналастыруға үйрету. **1. Балаларды музыкамен қарсы алу.** **Ойын:**Балалардың әрқайсысына алма ағашының суреті және қиып алынған жеті алма үлестіріледі. Орындалған шығарманы тыңдап, сиқырлы ағаш бұтақтарына алмаларды дыбыс биіктігіне сәйкес орналастырады. Ағашта бейнеленген бұтақтар нота сызықтары, ал алмалар нота ретінде қолданылады. **2. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. Дауыстарын салған балаларды мадақтау. **«Шөжелер»** биін таныс би қимылдарымен билету.	**Дене тәрбиесі** **Спорттық жаттығулар.** **Мақсаты:** Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Жүзу. Суға түсу, суда ойнау; суда отырып, аяқтарын жоғары және төмен көтеріп қимылдар орындау; иекке дейін суда отыру, судан шығу; бетін суға малу; еркін әдіспен жүзуге талпыну. **ЖДЖ:** Бұрылу (оңға-солға), қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жағына жазу, қолды шапалақтау; қолды алға, жоғары, жан-жаққа көтеру, оларды бүгіп, жазу, саусақтарын ашып жұму. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Ұзындығы 2,5-2 м, ені	**Дене тәрбиесі** **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** **Мақсаты:** Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге	**Музыка** **Тақырыбы: «Анасын тап» ойыны** **Мақсаты:** Әнді немесе әуенді тыңдап, жануарлар мен төлдерінің жүрісін, қимыл-қозғалысын көрсете білуге, олардың дауыс ырғақтарын ажыратып, еске сақтауға үйрету. **1. Балаларды музыкамен қарсы алу.** Музыка жетекшісі шығарманы ойнап, балалар әуенге сәйкес суреттегі жануардың төлін тауып, енесінің жанына қояды. Олардың жүрісін, қимылын көрсетіп, дауысын салады. **2. Музыка тыңдау.** Ал енді сендер ән тыңдаңдар. «Балапан» әні. **«Көңілді ырғақ»** биін таныс би қимылдарымен билету.	**Дене тәрбиесі** **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** **Мақсаты:** Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру, жылдың жылы мезгілінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету. Серуенде жылы құмның үстімен жалаң аяқ 2-3 минут жүргізу (алдын ала оның тазалығы мен қауіпсіздігіне көз жеткізу). **ЖДЖ:** Тізені бүгіп жазу (екіншісіне тұрып), еденде отырған қалпында, таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға, өкшеге қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1.Бірнеше доға астынан еңбектеу. 2. Допты қақпа арқылы

		25 см (2 жаста), 20 см (3 жаста) тақтай бойымен жүру, жіптен немесе таяқтан аттап өту. **Ойын:** «Ненің жүрісі?» ойынын ойнау. **Қорытынды:** Балаларды жалпы мадақтау. Тыныс алу жаттығуын жасау. **Қазақ тілі** «Заттар мен құбылыстар» **Мақсаты:**Қазақ тіліне тән ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу	қою. **Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары:** 1. Алақан мен тізеге тіреле, тура бағытта еңбектеу. **Ойын:** «Қояным, қояным тұршы» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Бокс» тыныс алу жаттығуы		домалатуды қайталау. **Ойын:** «Апандағы аю» ойынын ойнау. **Қорытынды:** «Денені еркін ұста» баяу әуен ырғағымен демалу.
2- таңғы ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын, майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.				
Серуенге дайындық	Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.				
Серуен	Ауа-райының жағдайларын ескеріп, таза ауада балалардың қимылдарды орындауы үшін жағдайлар жасау.				
	Желді бақылау Мақсаты: - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады.	Сутоғанды бақылау Мақсаты: мұздың қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Күн өткен сайын көктем қысты ысырып, өз жылуын алып келуде. Көктемнің ең бірінші жеңісі-жерді жібітеді. Алдымен қары еріген алаңқайлар пайда болады, өгей шөптер	Топырақты бақылау Мақсаты: торф топырағының қыртысымен таныстыру . Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф-бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол	Бақбақ гүлін бақылау Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді	Жолжелкенді бақылау Мақсаты:емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру. Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі -Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы,

	Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады? ♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. ♦ Барынша қатты желдердің атын ата? (дауыл, құйын, бұрқасын, боран.) ♦ Әлсіз желді қалай атайды?(«самал жел» деп атайды) ♦ Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) алаңды дайындау Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау. Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне	өсіп шығады. ал, екінші жеңісі-өзен-көлдердің ери бастауы. Жердегі, қар үйінділеріндегі қарлар еріп, сай-саланы қуалап, өзенге барып құяды. Өзен сулары көтеріліп, мұзды жарады. Жарылған мұздар ағыспен бір-біріне соқтығады. Мұздар жарылып, өзендер арнасынан асқан кезде ауа температурасы кенет төмендейді. Ал, сутоғандардағы мұздар ұзақ уақыт тұрады. Себебі онда ағыс жоқ, су қозғалмайды. Бұл жерде мұздар жарылмайды, біртіндеп ериді. Зерттеу жұмысы. Сутоғандағы мұздың қалыңдығын мұз өлшегіш құралмен өлшеу. Тоған бетіндегі мұздың еруін бақылау Еңбек Ауланы қоқыстан, сынған бұталардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын тәрбиелеу. Қимылды ойын «Қасқыр қақпан» Мақсаты: — белгі бойынша әрекет етуге	ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсең, ол аяққиіміңе жабысып қалады. Сондықтан да бұндай соқпақпен (жолмен(жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Зерттеу жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Құммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау. Қимылды ойын «Аққу-қаздар». Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау. Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек.	кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа үлпілдек «парашюттерге» ай-налады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ♦ Бақбақ гүлінің түрі	шалғындық алқаптарда көптеп кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайтыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяққиімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бүлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді. Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, іріңді ісікке, шиқанға қолданылады. Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады. Балаларға сұрақтар: ♦ Мамыр айын халықта қалай атайды? (шешек айы) ♦ Өсімдіктер қай жерде бар да, қай жерде жоқ? (күннің көзі көп түскен жерде бар) ♦ Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) ♦ Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі) ♦ Мына өсіп

